

Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілдері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі N 838 Қаулысы

2000 жылғы 25 қаңтардағы Монополияға қарсы келісілген саясат жүргізу туралы шарттың 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ораз Әлиұлы Жандосов және Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілдері міндетінен босатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Марат Әпсметұлы Құсайынов және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің төрағасы Серік Мақашұлы Жұманғарин Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілдері болып тағайындалсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.02.2015 № 72 қаулысымен.

3. "Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті өкілдері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 қарашадағы N 1174 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
	<i>К. Мәсімов</i>